



«БЕКІТЕМІН»

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ

ректоры, т.ғ.д., профессор

*Бисенов* Қ.А. Бисенов

2017 ж.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті ғалымдары  
мен қызметкерлерінің халықаралық рецензияланатын басылымдарда  
мақалалар жариялау белсенділігін ынталандыру  
Е Р Е Ж Е С І

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының (ҚР Президентінің Жарлығы, №205, 1.03.2016 ж.) «Экономиканың тұрақты дамуы үшін ғылымның нақты үлесін қамтамсыз ету» мақсаты бойынша «Ғалымның ғылыми әлеуетін және мәртебесін нығайту» атты 2-ші міндетте:

- 2019 жылы халықаралық журналдардағы жарияланымдар санын 2014 жыл деңгейіндегі жарияланымдардың жалпы санынан (Thomson Reuters, Scopus немесе Jstore базалары деректері бойынша) 20 пайызға өсіру;
- 2019 жылы халықаралық журналдардағы жарияланымдарға (Web of Science Core Collection (Thomson Reuters) базасындағы) дәйексөз келтіру деңгейін 2014 жылмен салыстырғанда 50 пайызға дейін көтеру көзделіп отыр.

Штаттық кестедегі ғалымдар мен қызметкерлер, PhD докторанттар мен докторантура түлектерінің (диссертацияларын қорғамаған) халықаралық рецензияланатын басылымдарда мақала жариялау белсенділігін ынталандыруға арналған осы ереже жоғарыда аталған міндетті орындау үдерісіне үлес қосу және университеттің жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингіндегі орнын жоғарылатуға ықпал жасау мақсатында бекітілді.

## 2. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЦЕНЗИЯЛАНАТЫН БАСЫЛЫМДАРДА МАҚАЛА ЖАРИЯЛАУДЫ ЫНТАЛАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ

2.1. Авторлардың Web of Science, Thomson Reuters, Scopus немесе Jstore базаларында мақалалары жарияланатыны туралы кепілді анықтамалары болған жағдайда университет сол басылымдармен қолданыстағы мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес шарт жасау арқылы мақала жариялау құнын төлеу мәселесін қарастырады.

2.2. Мақала Web of Science, Thomson Reuters, Scopus немесе Jstore базаларындағы басылымдар жариялау талаптарына сәйкес келуі тиіс және соңғы нұсқасы дайын болғаннан кейін 1 дана қағаз және электрондық түріндегі нұсқасы ғылым департаментіне тапсырылуы қажет.

2.3. Мақаланы университет қаражаты есебінен жариялау туралы жұмыстары ғылым департаментінің ұсынысы негізінде жүргізіледі.

2.4. Мақаланы жариялауға ниет білдірген автор оны жариялау мерзімін тиянақты жоспарлап, ұйымдастыру жұмыстарына жұмсалатын уақыт мерзімдерін ескеруі тиіс.

2.3. Web of Science, Thomson Reuters, Scopus немесе Jstore базаларындағы басылымдарда мақалалары жарияланған және Хирш индексі айқындалған авторларға мерекелік күндер қарсаңында немесе жыл қорытындысы бойынша университеттің үнемделген қаржысы есебінен сыйақы тағайындалуы мүмкін.

### 3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЦЕНЗИЯЛАНАТЫН БАСЫЛЫМДАРДА МАҚАЛА ЖАРИЯЛАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 3.1. Web of Science Core Collection, Scopus немесе Jstore халықаралық сілтеме базаларындағы жарияланым реквизиттерінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін жұмыс орны ретінде көрсеткен авторлардың ғана мақалалары ескеріледі.
- 3.2. Web of Science Core Collection, Scopus немесе Jstore халықаралық сілтеме базаларындағы басылымдардың импакт-факторы нөлден жоғары болуы шарт.
- 3.3. Халықаралық рецензияланатын мерзімді басылымдарда немесе халықаралық сілтеме базаларындағы арнайы (қосымша емес) шығарылымда жарияланған мақалалар ескеріледі.
- 3.4. Аталған базалардағы ағымдағы күнтізбелік жылда жарияланған толыққанды зерттеу мақалалары ескеріледі.
- 3.5. Конференцияның материалдары мен тезистері, монографиялар мен кітаптар туралы аңдатпа-мақалалар, мақалалардың түйіндемелері және редакторларға жазған хаттар ескерілмейді.

### 4. СЫЙАҚЫ БЕРУ ШАРТТАРЫ

- 4.1. Бір мақаланың бірнеше авторы болған жағдайда, сыйақы көлемі барлық авторлар санына бөлінеді. Университеттің әрбір ғалымы мен қызметкеріне осы тәсілмен анықталған тиісті үлесі төленеді. Жұмыс орны Қорқыт Ата атындағы ҚМУ болып табылмайтын тұлғалардың үлестері бойынша төлем жасалынбайды.
- 4.2. Бір мақала бірнеше базаларда жарық көрген жағдайда осы жарияланымды алғашқы тіркеген база есепке алынады. Және мақала бойынша сыйақы бір рет қана беріледі.
- 4.3. Автор (авторлар) ынталандыру төлемдерін алу үшін өз өтініштеріне халықаралық рецензияланатын басылымдарда мақаласы жарық көргені туралы «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ берген анықтаманы және мақаланың көшірмесін тіркеуі тиіс.
- 4.4. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес тікелей келісім-шарт жасау арқылы Web of Science Core Collection, Scopus немесе Jstore халықаралық сілтеме базаларындағы басылымдарда мақала жариялау құнын университет төлеуі үшін авторлар құрамы толықтай Қорқыт Ата атындағы ҚМУ ғалымдары мен қызметкерлерінен тұруы қажет.

### 5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ереженің жүзеге асырылуын бақылау ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректорға жүктеледі.

Әзірлеген:

Ғылым департаментінің директоры



Қ.Ә.Омаров

Келісілді:

Стратегиялық даму және қаржы  
жөніндегі проректор



Н.Ж. Уразбаев

Құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік  
сатып алулар бөлімінің бастығы



С.М. Ильясова